

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялаудан өткізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 79 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 7 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2192. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 415 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 415 бұйрығымен .

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ережеге сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялаудан өткізу туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. 2000 жылғы 7 қарашада N 1278 мемлекеттік тіркеуден өткен "Жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына мемлекеттік аттестациялауды жүргізу тәртібі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2002 жылғы 18 қазандағы N 1001 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялаудан өткізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 48 бұйрығы мемлекеттік тіркеуден өтпеуіне байланысты жойылсын.

4. Мемлекеттік инспекциялау және мониторинг департаменті (Ж. М.Әділов) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Министрдің міндетін

атқарушы

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациядан өткізу туралы НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациядан өткізу туралы осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі № 1305 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ережеге сәйкес (бұдан әрі - Ереже) әзірленді.

Нұсқаулық ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарын және жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялауды (бұдан әрі - аттестациялау) ұйымдастыру мен өткізу рәсімінің бірыңғай талаптарын белгілейді.

2. Мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын аттестациялауды облыстық, Алматы және Астана қалаларының білім басқармалары (департаменттері) іске асырады.

3. Кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын аттестациялауды білім саласындағы орталық атқару органы (бұдан әрі - Министрлік) жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттер немесе олардың заңды және жеке тұлғалары құрған білім беру ұйымдарын және халықаралық білім беру ұйымдарын, шетелдік оқу орындарының филиалдарын аттестациялау егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда басқаша көрсетілмесе онда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәртіппен өтеді.

5. Білім беру ұйымдарын аттестациялау олардың меншік түріне және мемлекеттік қарауына байланыссыз Қазақстан Республикасының мемлекеттік және/немесе ресми тілдерінде жүргізіледі.

6. Білім беру ұйымдарының Филиалдарын аттестаттау білім беру ұйымдарының құрамында білім беру ұйымына арналған тәртіппен жүргізіледі.

7. Алғашқы аттестация жаңадан құрылған:

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру ұйымдарында төрт жылдан кейін;

2) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім

беру ұйымдарында білім алушылары бірінші жылы бітіргеннен кейін;
3) мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарында үш жылдан кейін өткізіледі.

8. Білім беру ұйымдарының келесі аттестациялары бес жылда бір реттен артық емес мерзіммен өткізіледі.

9. Білім беру ұйымдарын аттестациялаудан өткізу кезінде:

1) олардың тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарды о р ы н д а у ы н ;

2) білім беру ұйымдарының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауын;

3) білім беру ұйымдары өздерінің қызметтерінде білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын сақтауын анықтайды.

10. Аттестация өткізу кезіндегі білім беру саласындағы сәйкестікке тексеру н ы с а н д а р ы :

1) берілетін білім қызметінің сапалық деңгейі;

2) оқу-тәрбие, тәрбие процесі;

3) оқыту және тәрбиелеу әдістері мен технологиясы;

4) кадрлар біліктілігіне талаптар;

5) білім беру ұйымдарына талаптар (кадр құрамы, материалдық-техникалық және әлеуметтік база, оқытудың техникалық құралдары, ақпараттық-кітапханалық база, ғылыми-зерттеу базасы, педагогикалық және жоғары ғылыми банкті кадрлар дайындау базасы, өндірістік практика өту б а з а л а р ы) ;

б) жұмыс бағыттары (административтік-ұйымдастыру жұмысы, әдістемелік жұмысы, оқу-әдістемелік жұмысы, ғылыми-әдістемелік жұмыс, ғылыми-зерттеу жұмысы, жоғары білікті ғылыми кадрларды дайындау халықаралық ынтымақтастық, бітірушілерді жұмысқа орналастыру жөніндегі қызметі, кәсіптік б а ғ д а р л а м а л ы қ ж ұ м ы с) ;

7) білім алушыларды даярлау сапасын ішкі бақылаудың жүйесі (ағымдық, аралық қорытынды).

11. Білім беру ұйымдарын аттестациялау үшін ақпарат жинаудың негізгі әдістері мен тәсілдері:

1) материалдық-техникалық базаны және әлеуметтік қамтамасыз ету н ы с а н д а р ы н көзбен көру;

2) білім беру ұйымдарының бөлімшелерінің құжаттарын зерделеу (оның ішінде, ұйымдастыру, білім беру және тәрбиелеу процестері, ғылыми зерттеу жұмыстарын жоспарлау, қатаң есептегі құжаттарды есепке алу, сақтау және беру студенттер контингенті бойынша бұйрықтар);

3) оқу процесінің көрсеткіштерін, білім беру процесін ұйымдастыруды, қатаң

есептегі құжаттарды есепке алуды, сақтауды және беруді және т.б. талдау;

4) білім алушыларды, оқытушыларды, қызметкерлерді және оқушылар ата-аналарын іріктеп анкеталау;

5) оқу сабақтарына қатысу;

6) білім беру ұйымында білім алушылармен, оқытушылармен және қызметкерлермен әңгімелесу;

7) білім алушыларды бақылау тестілеуден өткізу.

12. Кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдарды аттестациялау даярлау жүргізілетін мамандықтар мен кәсіптер бойынша жүзеге асырылады.

13. Аттестация кезінде бітіруші курста мамандық бойынша студенттерді даярлау болмаған жағдайда Комиссия осы мамандық бойынша білім беру қызметінің білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

14. Білім беру ұйымдарын аттестациялауды жүргізу шығындары білім беру ұйымдарының құрылтайшылары есебінен жүргізіледі.

15. Білім беру ұйымын қайта құрған жағдайда, білім беру ұйымын аттестациялаудың нәтижелері, жаңа құрылған білім беру ұйымына, егер ол бұрын аттестациядан өткен, қайта құрылған білім беру ұйымының құқықтық мұрагері болса, қолданылады.

2. Аттестациялауды ұйымдастыру және жүргізу

16. Білім беру ұйымдарын аттестациялау аттестация өткізу кестелеріне сәйкес жүргізіледі.

17. Мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды, жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта және кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарын келесі оқу жылында аттестациялауды өткізу кестесін облыстық, Астана мен Алматы қалаларының білім беру басқармалары (департаменттері) ағымдағы оқу жылының 25 мамырына дейін бекітеді және Министрлікке 01 маусымға дейін береді.

18. Кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын келесі оқу жылында аттестациялауды өткізу кестесін Министрлік ағымдағы оқу жылының 01 маусымға дейін бекітеді.

19. Аттестациялауды өткізу кестесі оқу жылына бекітіледі және білім беру ұйымдарына аттестацияға үш ай қалғанда жеткізіледі.

20. Бекітілген кестелерге мына негіздерде:

1) білім беру ұйымдары аттестацияның мерзімін кейінге қалдыру қажеттігі туралы дәлелді қорытынды келтірілген жазбаша үндеулері болған жағдайда;

2) жаңа заңды тұлғаларды түзеп білім беру ұйымдарының қайта құрылуына байланысты ;

3) Министрліктің, облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттерінің) тарапынан тиісті шешімдер қабылдауларын талап ететін басқа объективтік жағдайлардың пайда болуларына байланысты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

21. Аттестациялаудың бекітілген кестелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда білім беру ұйымдары ол туралы осы Нұсқаулықтың 19 тармағында көрсетілген мерзімде хабарлануы керек.

22. Аттестацияны өткізу үшін Министрлік, облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) аттестациялау комиссияларын (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

23. Аттестациялау комиссиясының құрамы білім беру ұйымында аттестациялау басталудан 10 күн бұрын Министрліктің, облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының (департаменттерінің) бұйрықтарымен бекітіледі.

Комиссияның төрағасы ретінде Министрліктің, облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармаларының (департаменттерінің) өкілдері тағайындалады.

24. Комиссиялардың құрамына:

1) білім беру саласындағы тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері;

2) кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарын аттестациядан өткізу кезінде білім беру ұйымдары қарамағына қарайтын мемлекеттік органдардың сондай-ақ құзырына қарай мүдделік танытушы орталық атқарушы органдардың өкілдері;

3) білім беру ұйымдарының өкілдері және Қазақстан Республикасының педагогикалық жетекші қызметкерлері кіреді.

25. Білім беру ұйымдарында аттестациялауды өткізу - 10 күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі. Министрліктің, білім басқармаларының (департаменттерінің) шешімімен аттестациялау мерзімі кейбір жағдайларда 3 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

26. Комиссияның жұмысы туралы хабарлау және тиісті жазбаша хабарландыруды дайындау білім беру ұйымының басшысына жүктеледі.

27. Комиссия төрағасы бірінші күні комиссия мүшелерінің алдына білім беру ұйымын аттестациялау рәсімінің технологиясы бойынша мәселелер қояды және олардың арасында білім беру ұйымын қызмет бағыттары бойынша кешенді зерделеу үшін нақты тапсырмаларды бөліп береді.

28. Комиссия өзінің жұмысында білім беру ұйымдарының қызметін және білім сапасын мемлекеттік бақылауды іске асыруды регламенттеуші Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Комиссияның төрағасы Комиссия мүшелерін қажетті нормативтік құқықтық актілермен қамтамасыз етуі тиіс.

29. Комиссияның мүшелері Комиссия төрағасына аттестацияның барысы туралы ақпарат береді және оған білім беру ұйымы қызметінің көрсеткіштерін жан-жақты талдап, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықты нормативтік құқықтық актінің қай нақты нормасы бойынша бұзуға жол берілгеніне сілтеме жасап, оларды жою жөнінде ұсыныстар мен қорытындылар жасап анықтама береді.

30. Кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау кезінде Комиссия жоғары және бітіруші курстарда білім алушыларды тестілеуден өткізеді.

Мектепке дейінгі және мектептен тыс білім беру ұйымдарын және жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын аттестациялау кезінде жоғары және бітіруші сынып оқушыларын тестілеуді облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) құрған комиссия өткізеді.

31. Бағалау шкаласы (пайыздық қатынаспен) былай анықталады:

"өте жақсы" - емтихан сұрақтарының 88-100 %-на дұрыс жауап берілгенде;

" ж а қ с ы " - 75 - 87 % - " - ;

" қ а н а ғ а т т а н а р л ы қ " - 60-74% - " - ;

"қанағаттанарлықсыз" - 60%-дан төмен дұрыс жауап берілгенде.

32. Мектепке дейінгі ұйымдарда тестілеу қызметкерлер мен ата-аналарды анкеталаумен алмастырылады.

Мектептен тыс және арнайы білім беру ұйымдарында (спорттық, әскери, өнер , психологиялық-медициналық-педагогикалық) білім мен машықтарды бақылаудың басқа түрлері, оның ішінде бақылау жұмысы, тыңдау, байқау, спорттық өлшеулер қолданылуы мүмкін.

33. Кешенді тестілеудің нәтижесін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім мен шеберліктерін бақылау кесімінің басқа түрлерін, қызметкерлер мен ата-аналарды анкеталауды Комиссия жүргізеді.

3. Аттестация қорытындыларын шығару

34. Комиссияның төрағасы барлық бөлімшелерді тексеру нәтижелерін жинақтайды және мемлекеттік аттестациялаудың қорытындысы туралы Комиссияның тұжырымдамасын (бұдан әрі - Тұжырымдама) дайындайды. Оған м ы н а б ө л і м д е р к і р е д і :

1) білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;

- 2) кадр әлеуетін талдау;
- 3) әкімшілік-басқару персоналының қызметін талдау;
- 4) қаржы-экономикалық орнықтылығы;
- 5) оқу-әдістемелік жұмысы;
- 6) ғылыми-зерттеу қызметі;
- 7) оқу процесін ақпараттық және кітапханамен қамтамасыз ету;
- 8) шығармашылық қызметі (өнер саласындағы білім беру ұйымдары үшін);
- 9) тәрбие жұмысы;
- 10) материалдық-техникалық және әлеуметтік база;
- 11) мамандықтар мен кәсіптерді аттестациялау;
- 12) білім сапасын басқару жүйесі;
- 13) жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу орталығының қызметі;
- 14) халықаралық ынтымақтастық;
- 15) кемшіліктер мен ескертпелер;
- 16) қорытындылар мен ұсыныстар.

35. Тұжырымдамаға төраға және барлық Комиссия мүшелері қол қояды.

Комиссияның қорытындысымен ойы сәйкес келмейтін Комиссия мүшесі өз ойын жазбаша түрде жазып, тұжырымдамаға қоса тіркейді. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең бөлініп, келіспеушілік болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы түбегейлі болып саналады.

36. Комиссия төрағасы Ғылыми немесе Педагогикалық кеңеске білім беру ұйымын мемлекеттік аттестациялау қорытындысы туралы ақпарат береді.

Тұжырымдаманың екінші данасы білім беру ұйымының басшысына беріледі, берілгені оның қол қоюымен расталады.

37. Комиссия шешімін білім саласындағы мемлекеттік органдардың қайта қарауына болмайды.

38. Тұжырымдамаға мыналар тіркеледі:

- 1) білім беру ұйымының қызметінің негізгі көрсеткіштері;
- 2) білім беру ұйымының оқу және ғылыми бөлімшелерінің құрылымы;
- 3) білім беру ұйымының басшылар құрамы туралы мәліметтер;
- 4) мамандықтар мен оқу түрлері бойынша білім алушылардың контингенті туралы мәліметтер;
- 5) білім беру ұйымының профессор-оқытушы, педагогикалық құрамының сандық және сапалық сипаттамасы;
- 6) білім беру ұйымы Жарғысының көшірмесі.

39. Комиссия мынадай дәлелді шешімдер қабылдауға құқылы:

- 1) аттестатталсын;
- 2) аттестатталмасын.

40. Білім беру ұйымы "аттестатталсын" деген шешім егер:

1) білім беру қызметі білім берудің тиісті деңгейінің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарының талаптарына және білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес болса;

2) кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша білім алушылардың 95% қатысқан жағдайда тестілеуге қатысқандардың 70%-дан артығы оң баға алғанда қабылданады.

41. "Аттестатталмасын" деген шешім білім беру ұйымы 40 бапта аталған шарттардың ең болмағанда біреуін орындамаған жағдайда қабылданады.

42. Комиссияның шешімі Министрліктің, облыстық, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының (департаменттерінің) бұйрықтарымен ол қабылданғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бекітіледі.

43. Кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымын аттестаттау фактісі оған мемлекеттік аккредитациядан өтуге мүмкіндік береді.

44. Тиісті білім беру деңгейінің жалпы міндетті мемлекеттік стандарттарының орындалмағаны және білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияда қамтылған талаптарды орындамағанын куәландыратын, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының аттестатталмау фактісі білім беру ұйымының аттестатталмаған мамандықтары бойынша лицензиясын қайтарып алу және қайтарып алынған лицензиялардың лицензиарға қайтарылған сәтіне дейін білім беру лицензиясының қолданысын тоқтата тұру үшін себеп болады.

45. Лицензиар білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиялардың әсерін тоқтатқан жағдайда лицензиар тоқтату мерзімі өткен соң аттестация өткізу барысында анықталған кемшіліктерді жою барысын тексеру комиссиясын құрады.

Тексеру барысында білім алушылардың аттестация кезінде алған оң бағалар пайызы шекті деңгейден төмен болған мамандықтар бойынша жоғары және бітіруші курстардың білім алушылары қайтадан кешенді тестілеуден өтеді.

46. Кемшіліктерді жоюды тексеруді өткізу шығындары білім беру ұйымдарының құрылтайшылары есебінен жүзеге асырылады.

47. Комиссия аттестация барысында анықталған кемшіліктерді жоюды тексеру қорытындысы бойынша анықтама дайындайды және онда білім беру ұйымдарының кемшіліктерді жою жөніндегі істеген жұмыстары келтіріледі, тиісті қорытындылар мен ұсыныстар жасалады.

48. Кемшіліктерді жоюды тексеру жөніндегі комиссияның ұсыныстары негізінде Министрлік, облыстық, Алматы және Астана қалаларының білім басқармалары (департаменттері) тиісті бұйрық шығарады.

49. Жеке мамандықтардың лицензиясын қайтарып алу туралы Министрліктің бұйрығы шыққаннан кейін білім беру ұйымы келесі семестр басталғанға дейін бұйрықтың ескерілуімен лицензияның қосымшасын лицензиарда қайта хаттауы к е р е к .

Білім беру ұйымы бұл талапты орындамаған жағдайда ол білім беру қызметін лицензиясыз атқарып жатқан заңды тұлға ретінде қарастырылады және ол туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органдарға беріледі.

50. Білім беру қызметін жүргізу құқығына Министрлікте берілген лицензия барлық мамандықтар бойынша қайтарылып алынған жағдайда білім беру ұйымдары меншік түріне, ведомстволық бағыныштылығына және мемлекеттік тиістілігіне байланыссыз белгіленген тәртіппен таратылуы тиіс.

51. Егер аттестатталған мамандықтардың саны білім беру ұйымының түрін анықтайтын біліктілік талаптарына сәйкес болмаған жағдайда, білім беру ұйымы заңды статусын белгіленген талаптарға сәйкестендіруі тиіс.

4. Білім беру ұйымдарының шағым арыздарын қарау

52. Министрліктің жанында аттестацияланатын білім беру ұйымдарының шағым арыздарын қарайтын Республикалық аттестациялық комиссия құрылады.

53. Аттестациялық комиссиялардың шешімдеріне білім беру ұйымдары заңнамада белгіленген тәртіпте шағымдануларына болады.